



БҰЙРЫҚ

08.02.2024

Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 97/18

город Шымкент

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл бойынша іс-шаралар
жоспарын бекіту туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 22-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 02 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған 2024 жылға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспары бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бас маманы Ж.Раимбековке жүктелсін.


Басқарма басшысы

Б.Орынтаев

Шымкент қаласының мәдениет,
тілдерді дамыту және архивтер
басқармасы басшысының
2024 жылғы «8» ақпандағы
№ 91/23 бұйрығымен бекітілген

**2024 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспары**

№	Іс-шара атауы	Орындау мерзімі	Орындауға жауаптылар
1	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу	Бекітілген жоспарға сәйкес	Басқарманың жауапты қызметкерлері
2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында сайтта, фейсбукте, газетте мақалалар жариялау	Тоқсанына бір реттен кем емес	Барлық деңгейдегі мемлекеттік мекемелердің басшылары
3	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында семинар-мәжілістер, дөңгелек үстелдер өткізу	Тұрақты	Барлық деңгейдегі мемлекеттік мекемелердің басшылары
4	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мәдени іс-шаралар өткізу (қойылымдар, көріністер т.с.с)	Жоспарға сәйкес	Барлық деңгейдегі мемлекеттік мекемелердің басшылары
5	Құқық бұзушылықтармен қылмыстардың алдын алу мақсатында, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықпен қылмыс үшін жауапкершілікті көздейтін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің және Қылмыстық кодекстің баптары бөлімге бағынысты мекемелердің барлық қызметкерлеріне таныстырылап, ескертіліп, жазбаша қолхат алу	Жарты жылда 1 рет	Басқарманың жауапты қызметкері және барлық деңгейдегі мемлекеттік мекемелердің басшылары
6	Мекеме қызметкерлері арасында ұлы тұлғалардың адалдық, парасаттылық туралы өлеңдері мен нақыл сөздерін мәнерлеп оқу бойынша челлендж ұйымдастыру	Тоқсанына бір реттен кем емес	Барлық деңгейдегі мемлекеттік білім беру мекемелерінің басшылары



Шымкент қаласының мәдениет,
тілдерді дамыту және архивтер
басқармасының «Шымкент қалалық
мемлекеттік архиві» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
басшысының
2024 жылғы «29» ақпандағы
№16 бұйрығымен бекітілген

**2024 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы
Іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспары**

№	Іс-шара атауы	Орындау мерзімі	Орындауға жауаптылар
1	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында сайтта, фейсбукте, газетте мақалалар жазу	тоқсан сайын	Г. Тұрысбек Ш. Айдархан
2	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында семинар-мәжілістер, дөңгелек үстелдер өткізу	тоқсан сайын	А. Амангельдиева А. Сейтаева Ш. Айдархан
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мәдени іс-шаралар өткізу(қойылымдар, көріністер т.с.с.)	тоқсан сайын	А. Асқарова Г. Байзакова
4	Құқық бұзушылықтармен қылмыстардың алдын алу мақсатында, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықпен қылмыс үшін жауапкершілікті көздейтін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің және Қылмыстық кодекстің баптары бөлімге бағынысты мекемелердің барлық қызметкерлеріне таныстырылып, ескертіліп, жазбаша қолхат алу	жарты жылда бір рет	Ш. Айдархан

5	Мекеме қызметкерлері арасында ұлы тұлғалардың адалдық, парасаттылық туралы өлеңдері мен нақыл сөздерін мәнерлеп оқу бойынша челледж ұйымдастыру	тоқсан сайын	Қ. Елекеева А. Асқарова
---	---	--------------	----------------------------

Асқарова

**«Шымкент қалалық мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары туралы өткізілген
отырыстың хаттамасы**

Хаттама №2

20.03.2024 жыл

Қатысқандар «Шымкент қалалық мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыскерлері.

Күн тәртібі:

«Шымкент қалалық мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыскерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы отырыс өткізу.

Сөз сөйлеген: директор А.Ш.Амангельдиева:

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекет ішінен жоюдың бастамасы сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу керек. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық- заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамының барлық мүшелеріне, жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп отыру керек.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицер Ш.Айдархан

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Төрағасының 19.10.2016 жылғы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің Үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

«Шымкент қалалық мемлекеттік архиві» КММ-ның қызметкерлері басшылыққа алатын нормативтік-құқықтық актілер:

- 1) Қазақстан Республикасының 2015.11.23 №414-V ҚРЗ Еңбек кодексі;
- 2) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы;

3) еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі қағидалары мен нормалары;

4) Архив Заңы туралы;

5) Мекеме қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары барлық функциялары регламенттелген және лауазымдық нұсқаулықтарда дәйекті түрде қол қойылған. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметі жоғарыда көрсетілген нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі, әрбір қызметкердің функционалы және олардың өзара іс-қимыл тетіктері нақты бекітілген. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық не Сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілік «Шымкент қалалық мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында белгіленген.

Сондай-ақ, қызметкерлерге қоғам басшылығына сыбайлас жемқорлық көріністерінің барлық фактілері туралы хабарлау міндеті айқындалған. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда қызметкерлер осы құбылысты реттеу жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарды (ІНҚ) басшылыққа алады. Жоғарыда көрсетілген ІНҚ және лауазымдық нұсқаулықтар мен қызметкерлер қол қойғызып танысты. Директор, директор орынбасары, бас бухгалтер, бас қор сақтаушы және бөлім басшыларының негізгі міндеттері мен функцияларын талдау жүргізілді. Қызметкерлердің бағыныштылығы, міндеттері, жауапкершіліктері, құқықтары олардың лауазымдық нұсқаулықтарында нақты көрсетілген.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидағтарын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау өткізу кестесін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жөніндегі жұмысты жалғастыруы қажет. Сұрақтар беріліп, оның барлығына толық жауап қайтарылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауға қатысқандар тізімі

Директор А.Амангельдиева
Директор орынбасары А.Сейтаева
Бас бухгалтер К.Байтулешова
Бас қор сақтаушы Қ.Елекеева
Бөлім басшысы Б.Шыңғысбекова
Бөлім басшысы А.Есенова
Бөлім басшысы М. Мирзабаева
Бөлім басшысы Г.Тұрысбек
Хатшы Ш.Айдархан

Амангельдиева

ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»
Заңының 8-бабы**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі
талдау жүргізудің үлгілік қағидалары**

ҚР МҚІСҚА 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу

Мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ
ІШКІ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**



ANTIKOR



NAZARBAYEV
UNIVERSITY



Regional Cooperation Council



USAID

FROM THE AMERICAN PEOPLE



OECD

OSCE



TRANSPARENCY
INTERNATIONAL



Anti-
Corruption
Resource
Centre

www.U4.no


ТАЛДАУ ПРИНЦИПТЕРІ



ОБЪЕКТИВТІЛІК



СЕНІМДІЛІК



АШЫҚТЫҚ



ЖАН-ЖАҚТЫЛЫҚ



ЖЕКЕ
ЖАУАПКЕРШІЛІК

НЕГІЗІ

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешім БҰЙРЫҚ

- мемлекеттік органның және оның ведомстволарының;

- ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне басшылықты жүзеге асыратын

БАСШЫЛАРЫ

ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ШЕШІМДЕ КӨРСЕТІЛЕТІН АҚПАРАТ

01

ОБЪЕКТ

(қызметі талдауға жататын бөлімше)

02

ТАЛДАУ БАҒЫТТАРЫ

(НҚА, ұйымдастырушылық-басқару қызметі)

03

ТАЛДАУДЫ КІМ ЖҮРГІЗЕДІ

(лауазымды тұлға, құрылымдық бөлімше, жұмыс тобы, тартылған мамандар)

04

ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ

05

ТАЛДАУДЫ ҮЙЛЕСТІРУГЕ ЖАУАПТЫ ТҮЛҒА

(вице-министр, төраға орынбасары, аппарат басшысы)

ТАЛДАМАЛЫ
АНЫҚТАМАҒА
ҚОЛ ҚОЯДЫ

ТАЛДАУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

мемлекеттік органның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы белгілейді

ұсынылатын кезеңділік - **18 айда кемінде 1 рет**

айрықша жағдайлар

Мерзімінен бұрын жүргізіледі – сыбайлас жемқорлықтың жүйелі фактілері (резонанстық қылмыстық істер, БАҚ-тағы шағымдардың көп саны, бір ведомствода, бөлімшеде қылмыстық жауаптылыққа тартудың 2-ден астам фактісі орын алса)

әдетте, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау жүргізілгеннен кейін 1 жыл өткен соң жүргізіледі

ТАЛДАУҒА ДАЙЫНДЫҚ

айқындалатын сұрақтар:

- талдау объекті;
- уәкілетті тұлға - талдау жүргізетін тұлға (тұлғалар) немесе бөлімше, жұмыс тобы;
- талдау жүргізуге тартылатын өзге де тұлғалар;
- талдау жүргізу мерзімдері;
- талдау жүргізу үшін ақпарат көздерін жинауға және уәкілетті тұлғаға беруге жауапты тұлғалар;
- уәкілетті тұлғаға ақпарат көздерін ұсыну мерзімдері;
- басқа да ұйымдастырушылық сұрақтар (үй-жай, басып шығару, іссапарлар, сапарлар және т. б.)

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ІШКІ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ТАЛДАУ ОБЪЕКТІСІ
БАСШЫСЫНЫҢ БҰЙРЫҒЫН ШЫҒАРУ

ТАЛДАУҒА ДАЙЫНДЫҚ

ТАЛДАУ ОБЪЕКТІСІ

мемлекеттік органдардың,
ұйымдардың, квазимемлекеттік
сектор субъектілерінің орталық
аппараты, ведомстволары,
ведомстволық бағынысты және
еншілес ұйымдары, аумақтық
департаменттері

ЖҰЖ-ның 116 т. іске асыру шеңберінде

УӘКІЛЕГТІ ТҰЛҒА

Ұсынылады:

мемлекеттік органдарда -

ұйымдастыру-басқару қызметінің
функцияларын іске асырмайтын және
мемлекеттік орган басшысының тікелей
бағынатын қызметшілері немесе
бөлімшелері

квазимемлекеттік сектор

субъектілерінде - сыбайлас

жемқорлыққа қарсы компаенс-
қызметтерінің жұмыскерлері

ТАЛДАУҒА ДАЙЫНДЫҚ

Іске асырылатын функциялардың санына және штат санына байланысты талдау жүргізу үшін жұмыс тобы құрылады

Жұмыс тобы:

- топ жетекшісі
ұйымдастыру-басқару функцияларын іске асырмайтын және мемлекеттік орган басшысының тікелей бағынысындағы қызметкер
комплаенс-қызметінің өкілі
- құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері
салалық заңнаманы қолдануда, ұйымдастыру-басқару функцияларын іске асыруда
барынша тәжірибелі
құқықтық, қаржылық қамтамасыз ету бөлімшелерінің қызметкерлері, IT-мамандар
- қоғам өкілдері
сыртқы сарапшылар, ғылыми қоғамдастық, қызмет алушылар, коммерциялық емес ұйымдар, бизнес-қоғамдастықтар, қоғамдық кеңестердің мүшелері, «Адалдық алаңы»
жобалық кеңселерінің өкілдері және т.б.

ТАЛДАУҒА ДАЙЫНДЫҚ

ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ МЕРЗІМІ

30 жұмыс күнінен **аспайды**


қажет болған жағдайда мерзімді 15 жұмыс күніне ұзартуға болады

Мерзімдерді сақтау мақсатында жұмыс жоспарын әзірлеу ұсынылады

№ р/н	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауапты тұлғалар
1	Ақпарат жинау: Мысал 2019-2020жж. талдау объектісінің қызметі туралы есеп.	01.03.2021	Барлық бейінді бөлімшелер
2	2019-2020жж. тәртіптік тәжірибе туралы ақпарат	01.03.2021	Кадр жұмысын ұйымдастыру департаменті
3	2019-2020жж. мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат	10.03.2021	Мемлекеттік департаменті қызметтер

ТАЛДАУ КЕЗЕҢДЕРІ

ОБЪЕКТІНІҢ ҚЫЗМЕТІН, ОНЫҢ
ҰЙЫМДАСТЫРУ-БАСҚАРУ
ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕЙТІН
ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН
ІШКІ ҚҰЖАТТАРДЫ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ БОЛУЫНА
ТАЛДАУ




ТАЛДАУ ОБЪЕКТІСІ
ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ
ЖИНАУ ЖӘНЕ ҚОРЫТУ

ТАЛДАМАЛЫҚ
АНЫҚТАМАНЫ
ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҚОЛ
ҚОЮ

ақпарат көздері


- құқықтық актілер және ішкі құжаттар;
- объектінің қызметі туралы статистикалық есептілік;
- мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің деректері;
- мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері;
- ішкі бақылау қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері;
- БАҚ-тағы жарияланымдар;
- азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін талдау объектісінің қызметкерлерін жауапкершілікке тарту туралы мәліметтер, оның ішінде ҚІЖК 200 бойынша ұсыныстар;
- сот органдарының шешімдері;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы және ішкі талдау нәтижелері;
- қызметшілерге, объект қызметкерлеріне жүргізілген сауалнама нәтижелері;
- өзге де мәліметтер

ТАЛДАУ ОБЪЕКТИСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖИНАУ ЖӘНЕ ЖАЛПЫЛАУ




Ақпарат көздері анық және өзекті болуы тиіс


Талдау кезеңі – соңғы 2 жыл



Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін объектінің лауазымды адамдарын жауапкершілікке тарту туралы мәліметтерді ҚР БП ҚСЖАЕК, ЖС сот актілері банкінің деректерінен алу ұсынылады



Есептерді талдау объектісінің оларды ұсынған құрылымдық бөлімшелері басшыларының қолдарымен куәландыру ұсынылады



Қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болған объектінің қызметіне талдау жасалған жағдайда, оларға берілген функциялар бөлігінде бұрын қолданыста болған объектінің қызметі туралы ақпарат жинауды жүзеге асыру қажет



Ашық қолжетімділікте болмайтын ақпарат көздерін осы ақпаратты иеленетін талдау объектісінің құрылымдық бөлімшелері береді

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ

талдау объектісі туралы ақпаратты жинау және жалпылау

- ҚІЖК-нің 200-бабының шеңберінде қылмыстық қудалау органы енгізген қылмыс жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсыныстар
- Заңды күшіне енген сот актілері (шешімдер, қаулылар, үкімдер)



ANTIKOR



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖОҒАРҒЫ СОТЫ

ҚАЖЕТТІ ӨРЕКЕТТЕР

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША

қылмыстың мән-жайын, себептері мен
шарттарын сипаттай отырып,

КӨРНЕКІ СХЕМА

құрастырылады

Пара алу – не үшін? Қандай әрекет (әрекетсіздік),
шешім және т.б. үшін

Жымқыру – Қандай тәсілі? Жағдайлар,
қатысушылар шеңбері?

Олқылықтар мен кемшіліктерді анықтау үшін
осы бизнес-процестерді реттейтін құқықтық базаны
зерттеу

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ

талдау объектісі туралы ақпаратты жинау және жалпылау

- Прокуратура органдарының тексеру актілері
- Мемлекеттік қызмет қорытындылары бойынша актілер
- Ішкі аудит қызметтерін тексеру актілері



ҚАЖЕТТІ ӘРЕКЕТТЕР

ТЕКСЕРУ АКТІЛЕРІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША

анықталған бұзушылықтардың мән-жайлары, себептері мен жағдайлары сипаттала отырып

КӨРНЕКІ СХЕМА

құрастырылады

Бұзушылыққа кім жол берді? Олар жүйелік сипатта ма? Қандай жағдайда?

Бұзушылықтар жасауға не мүмкіндік берді: НҚА жетілмегендігі немесе әкімшілік процедура? Басқа қызметкерлердің талдау объектісі басшылығының бұзушылықтарын анықтамау себептері?

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ

талдау объектісі туралы ақпаратты жинау және жалпылау

- келіп түскен азаматтардың өтініштері:
- - ОМО, ЖАО, квазимемлекеттік сектор субъектісі пошта арқылы;
- - басшылықтың жеке қабылдауында
- талдау объектісінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша азаматтардың өтініштері туралы ақпаратты сұрату ұсынылады:
- -Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Call-орталығы;
- - «Нұр Отан» партиясына;
- - «Атамекен» ҰКП

ҚАЖЕТТІ ӨРЕКЕТТЕР

Шағымдар мен өтініштерге талдау жүргізу

Көтерілген тақырыптар бойынша топтастыру


Проблемалық мәселелерді олардың нормативтік реттелуі, бизнес-процестердің жетілмегендігі тұрғысынан зерделеу

НҚА немесе әкімшілік процедуралардың қандай нормалары азаматтардың шағымдарына әкеледі? Проблемалар жүйелік сипатта ма? Мәселе тек бір аймаққа тән бе? Мәселені шешу талдау объектісінің құзыретіне кіреді ме?

Проблемаларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу

ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕРІ

ОБЪЕКТ ТУРАЛЫ ҚОЛДА БАР АҚПАРАТТЫ ТАЛДАУ



**Құқықтық
реттеу**

**Нақты
бизнес-процестер**

**Сыбайлас жемқорлықтың
себептері мен
жағдайларының болуы**

ТАЛДАУ ОБЪЕКТІСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ САРАПШЫЛАРДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ТАНЫМДАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Қатысушылар:

Талдау объектісінің қызметкерлері

Қызмет алушылар

Бақылаудағы объектілердің өкілдері

Салалық сарапшылар

Қоғам

АҚПАРАТ АЛУ:





Нақты бизнес-процестер

Бар проблемалар мен кемшіліктер

Сараптамалық пікір

Көрсетілетін қызметті алушылардан, бақылаудағы объектілерден кері байланыс

НҚА және бизнес-процестерді жетілдіру бойынша ұсыныстар



ТҮРЛІ ЖАҒДАЙЛАРДЫ МОДЕЛЬДЕУ

Мемлекеттік қызметтерді көрсету немесе бизнес-процестерде «осал жерлерді» және ақпараттық жүйелердің техникалық кемшіліктерін анықтау үшін халықпен байланысуға байланысты функцияларды орындау рәсімдерін тәжірибелік апробациялау

ПРОБЛЕМАЛЫҚ СҰРАҚ

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді субсидиялау

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛІ

Субсидиялау кезінде ауыл шаруашылығы өндірісінің нақты көлемін арттыру жолымен бюджет қаражатын жымқыру

Мысал

Қостанай облысының ЖАО-да ауыл шаруашылығы қызметін субсидиялауға бөлінген бюджет қаражатын ұрлау

Қылмыстық схема – егіс алқаптарын субсидиялау үшін ЖШС-ның көтеріңкі көлемдегі өтінімін мақұлдау

Себептері мен шарттары: НҚА және субсидиялар беру рәсімдерінің жетілмегендігі.

Белгіленген талаптар:

1. Комиссияларға әкімдік, АШМ аумақтық инспекциялары, «Атамекен» ҰКП өңірлік палаталары, сондай-ақ аграрлық бейіндегі ғылыми және қоғамдық ұйымдар өкілдерін қосу.

2. Қабылдау актілеріне қол қою алдында комиссия мүшелерінің егістікті міндетті түрде көзбен шолып тексеруі.

Нақты жағдай:

1. Ауылдық жерлерде аграрлық бейіндегі ғылыми және қоғамдық ұйымдардың болмауы.


2. Егістік алқаптарының едәуір қашықтығына (егістіктерде жолдардың болмауы) байланысты көзбен шолып қарауды жүргізу үшін шығу қиындығы.

Нәтижесі : Комиссияның бейресми жұмысы мен жалған актілеріне қол қою.


Субсидиялау рәсімдері бойынша жағдайды модельдеу әкімшілік рәсімдерді регламенттеу кезеңінде осы кемшіліктерді жоюға мүмкіндік берер еді

ТАЛДАУ БАҒЫТТАРЫ

Құқықтық актілер, ішкі құжаттар



Ұйымдастыру-басқару қызметі



ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ІШКІ ҚҰЖАТТАРДЫ ТАЛДАУ

Талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттардың тізбесін қалыптастыру ұсынылады

Сыбайлас жемқорлық сипатындағы нормалардың / ережелердің болуы тексеріледі

Нормалардың/ережелердің сыбайластыққа бейімділігін бағалау оларды қолдану кезінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің ықтималдығы тұрғысынан жүргізіледі

Сыбайлас жемқорлық нормалары / ережелері заң техникасының ережелеріне сәйкес келуі және оларды бұзуы мүмкін (нормалар ақаулары)

Құқықтық актілер мен ішкі құжаттар басқа құқықтық актілермен және ішкі құжаттармен өзара байланыста зерделенеді

ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЛҚЫЛЫҚ

ЛАУАЗЫМДЫ АДАМНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІН
РЕГЛАМЕНТТЕЙТІН ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ
БОЛМАУЫ, БҰЛ ЗАҢСЫЗ ПАЙДА АЛУ
МАҚСАТЫНДА ӨКІЛЕТТІКТЕРДІ ӨЗ
БЕТІНШЕ АЙҚЫНДАУ МҮМКІНДІГІН
ТУДЫРАДЫ

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДЕРДІ ӨТКІЗУ
МЕРЗІМДЕРІНІҢ БОЛМАУЫ

ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ШЕШІМ
ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ МЕН ТҮПКІЛІКТІ
НЕГІЗДЕРІНІҢ БОЛМАУЫ

Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидалары

Аудиторлық іс-шараның қорытындылары бойынша енгізілетін нұсқаманың орындалу мерзімі регламенттелмеген.

Мерзімді аудитор мен оның басшылығы анықтайды.

Мемлекеттік аудит объектісі көрсетілген мерзімде нұсқаманы орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда ӘҚБТК-нің 462-бабына сәйкес шаралар қабылданады.

Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі ереже

53-т.: карантинге жатқызылған өнімді жүру жолында немесе межелі пунктінде басқа мекенжайға жіберу аумағында осы операция жүзеге асырылатын аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) рұқсатымен жүргізіледі.

Басқа мекенжайға жіберу тәртібі регламенттелмеген: қажетті құжаттар, мерзімдер, хабарлама нысаны, рұқсат түрі, бас тарту негіздері және т. б.

Лауазымды тұлғалар өз қалауы бойынша әрекет етеді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ІШКІ ҚҰЖАТТАР ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ КОЛЛИЗИЯСЫ

Мемлекеттік қызмет **«Карантинді өнімді ҚР тыс жерлерге өкетеуге фитосанитарлық сертификатты беру».**

Қызмет көрсету мерзімі стандартқа сәйкес – 5 жұмыс күні, Қағидаларға сәйкес – 3 жұмыс күні.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекс

48-бап: санитариялық-эпидемиологиялық аудиттің нәтижелері эпидемиологиялық мәні жоғары объектілерді тексерулерден **босатуға негіз бола алмайды.**

«Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы» ДСМ 2017 жылғы 27 маусымдағы №463 бұйрығы»

11-тармақ: санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу және сәйкестік туралы тұжырымдары бар аудиторлық есепті ұсыну фактісі кезінде субъект (объект) 12 айдан аспайтын мерзімге тексерулерден босатылады.

«Халықтың көші-қоны туралы» заң

40-бап: бизнес - көшіп келуші ретінде келуге виза алмаған шетелдіктердің заңды тұлға құруына, сондай-ақ заңды тұлғалар қатысушыларының құрамына кіру жолымен коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуына тыйым салынады.

«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы»

6-2-бап: шетелдік заңды тұлғалардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу үшін жалпы тәртіппен кезделген құжаттардан басқа қосымша табыс етілуге тиіс:

- сауда тізілімінен заңдастырылған үзінді көшірме;
- құрылтай құжаттары;
- шетелдік заңды тұлғаның инкорпорация елінде салықтық тіркелуін растайтын құжат.

Визаның алынғанын растайтын құжатты ұсыну кезделмеген.

ҚАТЫНАСТАРДЫҢ БІР САЛАСЫН
РЕТТЕЙТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР
ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ СӘЙКЕС
КЕЛМЕУІ

ЗАҢДА НЕМЕСЕ ІШКІ ҚҰЖАТТА
БЕЛГІЛЕНГЕН БАСЫМ
НОРМАНЫ ТАҢДАУ
ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ БОЛМАУЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК

Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидалары

17-тармақ: 088/у нысанын **сапасыз және (немесе) негізсіз** ресімдеген кезде МӘС бөлімі ұсынылған медициналық құжаттарды қарау және талдау деректері негізінде сараптамалық қорытынды шығарады.

Сапасыз және (немесе) негізсіз ресімдеуді айқындау өлшемшарттары жоқ. Бұл норманы түсіндіру және практикалық іске асыру МӘС мамандарының қалауы бойынша жүзеге асырылады.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қайта өсіру және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

10-тармақ: тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:...

3) бақылау субъектісінің кінәсінен туындаған **қолайсыз оқиғалардың** болуы.

Сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық айлықақыларына үстемеақылар белгілеу туралы ереже

Қызметкердің лауазымдық айлықақысына үстемеақылар белгілеу: оған **кеңейтілген міндеттер** шеңберін жүктеу, **жоғары** кәсіби деңгеймен және құзыретпен, оларды практикада **табысты** қолданумен ұштасатын жұмыстағы **жеткілікті** тәжірибесі (өтілі) мен дағдылары, сондай-ақ басқа да көрсеткіштері (комиссияларға, жұмыс топтарына қатысу және т.б.) үшін жүзеге асырылады.

ТҮСІНІКСІЗ НЕМЕСЕ ҚОС МАҒЫНАСЫ
БАР ТҰЖЫРЫМДАРДЫ ҚОЛДАНУ,
ОСЫЛАЙША ЗАҢСЫЗ ТҮСІНДІРУГЕ
МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

БІРДЕЙ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ӘРТҮРЛІ
ТЕРМИНДЕРМЕН БЕЛГІЛЕУ

ЗАҢНАМАДА ПАЙДАЛАНЫЛМАЙТЫН,
ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІДЕ НЕМЕСЕ ІШКІ
ҚҰЖАТТА ТІКЕЛЕЙ
АЙҚЫНДАЛМАҒАН/ТҮСІНДІРІЛМЕГЕН
ТЕРМИНДЕРДІ ПАЙДАЛАҒАН

ДИСКРЕЦИЈАЛЫҚ ӨКІЛЕТТІКТЕРДІҢ КЕНДІГІ

«Өкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі

146-бап: механикалық көлік құралында, ат-арба көлігінде егістіктермен немесе екпелермен жүру **ескерту жасауға немесе 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға** әкеп соғады.

ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ НЕМЕСЕ ӘКІМШІЛІК
РӘСІМДЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН НЕГІЗДЕРДІҢ БОЛМАУЫ
НЕМЕСЕ БЕЛГІСІЗДІГІ

ШЕШІМДЕРДІҢ БІРНЕШЕ ТҮРІН ҚАБЫЛДАУ НЕМЕСЕ
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДАН БАС ТARTU МҮМКІНДІГІ

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІНІҢ БОЛМАУЫ,
ОЛАРДЫҢ КЕҢ АУҚЫМЫ

ДӘЛЕЛДІ НЕГІЗДЕРСІЗ БЕЛГІЛЕНГЕН МЕРЗІМДІ
ҰЗARTU НЕМЕСЕ ҚЫСҚARTU МҮМКІНДІГІ

ӨЗ ҚАЛАУЫ БОЙЫНША ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ТҮРІ МЕН
МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ МҮМКІНДІГІ

ОРГАННЫҢ (ЛАУАЗЫМДЫ АДАМНЫҢ) БІРДЕЙ
НЕГІЗДЕР БОЛҒАН КЕЗДЕ ШЕШІМДЕРДІҢ БІРНЕШЕ
ТҮРІН ҚАБЫЛДАУ МҮМКІНДІГІ

Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу қағидалары

16-тармақ: жұмыс органы комиссияға ұсыныс береді:

- пациентті бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу туралы;
- бюджет қаражаты есебінен шетелдік мамандарды тарта отырып, отандық медициналық ұйымдарда мастер-класс шеңберінде емделуге үміткер пациентке емдеу жүргізу туралы

Қандай жағдайларда ұсыныстардың нақты түрі шығарылатыны анықталғанмаған.

Жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, жемшөп қоспаларына нормативтік-техникалық құжаттаманы келісу ережесі

6. НТҚ келісуге ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша ведомство мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) ұсынылған құжаттар қойылатын талаптарға сәйкес келген кезде сараптама жүргізу үшін НТҚ-ны мемлекеттік ветеринариялық ұйымға жібереді;
- 2) ұсынылған құжаттар сәйкес келмеген немесе дұрыс емес мәліметтер ұсынылған кезде өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап береді.

Шешім қабылдау мерзімі анықталмаған.

Сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық айлықақыларына үстемеақылар белгілеу туралы ереже

10. Келесі қаржы жылына лауазымдық жалақыға үстемеақыны ұзартуға жол беріледі.

Ұзарту тәртібі мен мерзімі анықталмаған.

ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАР МІНДЕТІНІҢ ОРНЫНА ҚҰҚЫҚ БЕЛГІЛЕУ

Тауарларды есепке алу жүйесінің болуына тексеру жүргізу және тауарларды есепке алуды жүргізу қағидалары (жойылды)

10-тармақ: лауазымды тұлға мемлекеттік кірістер органының басшысы қол қойған еркін нысандағы хабарлама негізінде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға және уәкілетті экономикалық операторларға тауарларды есепке алу жүйесін жүргізу мәніне тексеру жүргізуге **құқылы**.

«ҚҰҚЫЛЫ», «МҮМКІН»
ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ
ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРДЫҢ ӨЗ
ҚАЛАУЫ БОЙЫНША ШЕШІМ
ҚАБЫЛДАУЫ ҮШІН ЗАҢДЫ
НЕГІЗДЕРДІҢ БОЛУЫ

«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» кодексі

146-баптың 7-тармағы: кеден органы тауардың шығу тегі туралы алдын ала шешім қабылдау туралы өтінішке қоса берілетін қазақ немесе орыс тілі болып табылмайтын тілде жасалған құжаттардағы мәліметтердің аудармасын талап етуге **құқылы**.

56-б. 5-т.: Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңнамасының сақталуын тексеру мақсатында кеден органдары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған жағдайларда және тәртіппен БЭЖ – нің кедендік аумағы бойынша БЭЖ-ге басқа мүше мемлекетке тасымалдау (тасу) үшін кедендік транзиттің кедендік рәсімімен орналастырылатын тауарларды қоспағанда, тауарлардың шығарылуын растауды талап етуге **құқылы**.

АДАМҒА ТИЕСІЛІ ҚҰҚЫҚТЫ ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН ҚОЙЫЛАТЫН ЖОҒАРЫ ТАЛАПТАР

Жеке және заңды тұлғаларға субъективті құқықтары мен бостандықтарын іске асыру кезінде заңмен негізделмеген қосымша міндеттерді жүктеу

Сақталуы заңнама нормаларымен негізделмеген ауыртпалықты тыйым салулар мен шектеулер белгілеу;

Азаматтар мен ұйымдарға белгісіз, орындалуы қиын талаптарды белгілеу

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмектің түрлері (нысандары) бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қосылу шарты

Шарттың мәні – ТМККК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде консультациялық-диагностикалық көмек көрсету
15-тармақ: жеткізуші міндетті:

27) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап дәрігерлік персоналдың жалақысын 30%-ға, орта медициналық персоналдың жалақысын 20%-ға арттыруды қамтамасыз етсін.

АРТЫҚ ӘКІМШІЛІК КЕДЕРГІЛЕРДІҢ БОЛУЫ

Жеке және заңды тұлғаларға жүктеу, тұлғалардың талдау объектісінде көрсетілген мәліметтердің болуына байланысты талап ету орынсыз құжаттарды, ақпаратты және басқа да деректерді ұсыну міндеттері

Берілуі иеленетін құқыққа сәйкес келмейтін белгілерге (кәсіптік, мүлкітік, әлеуметтік) сәйкес келу міндеті;

Мемлекеттік қызметтерді шұғыл ұсыну мүмкіндігі болған кезде оларды ұсынудың ұзақ мерзімдері;

құжаттарды мүмкіндігінше олардың түпнұсқаларын салыстыру үшін басқа мемлекеттік органдарда нотариалды куәландыру және апостиль қою міндеті (егер мұндай тәртіп халықаралық актілерде немесе басқа мемлекеттің заңнамасында көзделмесе)

тұлға біліктілік талаптарына (кәсіби тәжірибесі, біліктілігі, өтілі және т. б.) сәйкес келген жағдайда емтихандардан, тестілеуден, әңгімелесуден және т. б. ету қажеттілігін анықтау.)

Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру
Заңнамаға сәйкес құжаттар «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі арқылы беріледі. Жүйе үлкен көлемде құжаттардың сканерленген көшірмелерін жүктемейді.
Қызмет алушылар құжаттардың қағаз көшірмелерін қолма-қол беруге мәжбүр.

Тауарларды т / ж көлігімен әкету
«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» кодекске сәйкес тауарлардың БЭЖ кедендік аумағынан т/ж көлігімен кетуіне кеден органының рұқсатымен жол беріледі.
СЭҚ-қа қатысушы электрондық кедендік декларациялаудан өткеннен кейін барлық құжаттардың қағаз көшірмелерін дайындап, кеден органдарының мөрлерін қойып, ҚТЖ филиалдарына ұсынуы қажет.

ФУНКЦИЯЛАРДЫ, МІНДЕТТЕРДІ, ҚҰҚЫҚТАР МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТІІСІНШЕ АЙҚЫНДАМАУ

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың пайда болуына жол бермеуге мүмкіндік беретін шектеулер мен тыйым салулар жоқ

Лауазымдық міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін дербес жауаптылық белгіленбеген

Лауазымды адамдардың міндеттері мен өкілеттіктерін орындауын бақылау рәсімі айқындалмаған

Қазушар "ШЖҚ РМК бөлімшелерінің лауазымдық нұсқаулықтары» Уақтылы талап-арыз жұмысы бойынша міндеттерді белгілейтін ережелер жоқ. 1 жыл ішінде аудитпен жеткізушілерді жосықсыз деп тану, жалпы сомасы 892 млн.теңгеге мемлекеттік сатып алудың 21 шарты бойынша қамтамасыз етуді енгізу бойынша талап-арыз жұмыстарын жүргізеу фактілері анықталды.

Қызметкерлерді іріктеу және жоғарылату ережелері

Қызметкерлер мен өзге де тұлғалар арасында тест сұрақтарын, бос лауазымдарға үміткерлерді іріктеу кезінде әңгімелесу өткізу үшін сұрақтарды таратудан қорғау бойынша ережелер жоқ.

«Газ және газбен жабдықтау туралы» заңы

27-1-Б. 14-т.: өздеріне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі көмірсутек шикізатын өңдеу процесінде өндірілген сұйытылған мұнай газын өндірушілер, оның меншік иелері жеткізу жоспарын орындауға міндетті.

Үкiлеттi мемлекеттiк органның норманың сақталуын қамтамасыз етуге өкiлеттiгi жоқ, өйткенi қолданыстағы заңнамада оны бұзғаны үшін ықпал ету шаралары белгіленбеген.